

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Челябі мемлекеттік университеті»
Жоғары білім беретін федералдық
мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі
(«ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ)

Қостанай филиалы

БҰЙРЫҚ

03 ақпан 2025 ж.

№ 15/04-07

«ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ
Қостанай филиалындағы
жұмыс уақытының тәртібі туралы

Филиалдың білім беру және ғылыми қызметінің тиімділігін, сапасын және нәтижелілігін арттыру, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы қызметкерлерінің жұмыс тәртібін реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне, Ұжымдық келiсiмшартқа, Iшкi тәртіп ережелерiне және еңбек шарттарына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН

1. 2025 жылдың 03 ақпанынан бастап «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалының ұызметкерлері үшін келесі жұмыс уақытының тәртібі белгіленсін:

1.1. Профессорлық-оқытушылық құрам үшін аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының ұзақтығы қысқартылған алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Күнделікті жұмыс ұзақтығы шеңберінде педагогикалық қызметкерлер атқаратын қызметімен, жеке жоспарымен, нақты оқу жүктемесінің көлемімен, оқу тапсырмасымен, оқу процесінің кестесімен, оқу жоспарымен, сабақтардың кестесімен және ғылыми-ізденушілік жұмыс жоспарымен сәйкес білім беру, әдістемелік, ғылыми-ізденушілік, тәрбиелік жұмыстардың барлық түрлерін жүзеге асырады. Бір ставкадан жоғары жұмыс істеген жағдайда ҚР Еңбек кодексiне сәйкес жұмыс уақыты белгіленген ставкаға сәйкес көбейеді.

Еңбек демалысымен сәйкес келмейтін демалыс уақытында педагогикалық қызметкерлер өздеріне демалыс уақыты басталғанға дейін белгіленген олардың педагогикалық жұмысының нормаланған бөлігі шеңберінде (оқыту жүктемесінің белгіленген көлемінде) білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты педагогикалық (соның ішінде әдістемелік және ұйымдастырушылық) жұмысты орындайды.

1.1.1. Педагогикалық қызметкерлердің жұмыс орнында болуының басталуы мен аяқталуы ағымдағы оқу жылы (семестр) кезеңіне жасалған жеке жұмыс жоспарымен және ол одан әрі жыл сайын (сәйкесінше оқу жылының 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша) сабақ кестесіндегі оқу жүктемесін таратуды

ескере отырып, тараптар еңбек келісімшартын қайта қарастырумен және бекітумен реттестіріледі.

Оқытушылар үшін 36 сағаттық апта шегінде сейсенбі күні филиалда міндетті түрде болу күні деп белгіленген. Ол күні жұмыс күнінің басталу уақыты – 9.00, жұмыс күнінің аяқталуы – 15.40. Дем алуға және тамақтануға арналған үзіліс сабақ кестесіне сәйкес 30 минутты құрайды.

1.1.2. Оқытушылар жұмысының жеке кестесінің өзгертілу қажеттілігін туындататын сабақ кестесін өзгерткен жағдайда оқытушылар ол өзгерістер туралы олардың күшіне енбес бұрын 2 ай алдында ол туралы хабардар етіледі.

1.2. Қосымша білім қызметкерлері қатарындағы жұмыскерлер үшін екі күндік демалысы (сенбі, жексенбі) бар бес күндік жұмыс аптасы жағдайында (аптасына 40 сағат) – дүйсенбі-жұма – 8.30 – 17.00, 8 сағаттық жұмыс күні белгіленеді. Дем алу мен тамақтануға үзіліс уақыты – 11.50 – 12.20.

1.3. Әкімшілік-басқарушы қызметкерлер үшін екі күндік демалысы (сенбі, жексенбі) бар бес күндік жұмыс аптасы жағдайында (аптасына 40 сағат) – дүйсенбі-жұма – 8.30 – 17.00, 8 сағаттық жұмыс күні белгіленеді. Дем алу мен тамақтануға үзіліс уақыты – 11.50 – 12.20.

1.4. Қызмет көрсетуші жұмыскерлер үшін екі күндік демалысы (сенбі, жексенбі) бар бес күндік жұмыс аптасы жағдайында (аптасына 40 сағат) – дүйсенбі-жұма – 8.30 – 17.00, 8 сағаттық жұмыс күні белгіленеді. Дем алу мен тамақтануға үзіліс уақыты – 11.50 – 12.20.

2. 16 жастан 18 жасқа дейінгі және I және II топтағы мүгедек жұмыскерлер үшін қысқартылған жұмыс уақыты - аптасына 36 сағаттан көп емес уақыт белгіленеді.

3. Қосымша жұмыс тәртібі аясындағы жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан тыс орындалатын жұмыс күніне төрт сағаттан және жұмыскерлердің сәйкесінше санаттағы жұмыскерлер үшін белгіленген жұмыс уақытының айлық нормасының жартысынан аспауы керек.

Филиал директоры



Н.А. Налізко